

Қосымша келісім №03
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы мен
оның еңбек ұжымы арасында 2015-2017 жылдарға жасалған Ұжымдық
келісім-шартқа қосымша

Астана қ.

«18» желтоқсан 2015 жыл

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы атынан «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Президенті және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы еңбек ұжымының атынан «Қазақстандық салалық теміржолшылар, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі төмендегі қосымша келісім жасасты.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасында 2015-2017 жылдарға жасалған Ұжымдық шартқа мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

8-тармақта:

7-тармақшада «қаржылық» деген сөзден кейін «экономикалық» деген сөзбен толықтырылсын;

12-тармақшада «қарастырылсын» деген сөздің алды «еңбекақы төлеу жүйесінде» деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзац «төлем» деген сөзден кейін «бір жолғы» деген сөзбен толықтырылсын;

мынандай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Бұл ретте жоғарыда көрсетілген түрлі сыйақылар Компанияның қаржылық және экономикалық мүмкіндіктеріне орай төленеді.»;

31-тармақшаның в) тармақшасында (20 АЕК) сөзі «бекітілген бюджет шегінде 10 АЕК-тен кем емес, бірақ 20 АЕК-тен артық емес» деген сөздермен ауыстырылсын;

34-тармақшада (39 (отыз тоғыз)) сөзі «41 (қырық бір))» сөзімен ауыстырылсын;

11-тармақта:

1) тармақша мынандай редакцияда жазылсын:

«1) қызметкерлер «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасы заңында бекітілген ретпен 1 және 2 топтағы мүгедектігіне байланысты, зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты зейнетке шығып, жұмыстан кеткен кезде, теміржол саласындағы еңбек өтіліне орай:

- 5 жылдан кем болғанда- айлықақының 25%;

- 5 жылдан артық болғанда бір айлықақы (тарифтік өлшемде) көлемінде біржолғы төлем төленсін;

«Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталғандарға біржолғы төлем 50 пайызға көбейтілсін.»;

4) тармақшаның екінші абзацында «айына үш жол жүру» деген сөздер «айына екі жол жүру (бару және қайту) деген сөздемен толықтырылсын;

7) тармақшаның бірінші абзацы мынандай редакцияда жазылсын:

«әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді қарау жөніндегі комиссияның шешімі бойынша жиырма төрт айда бір рет тістерді протездеу ақысы төленсін (қымбат металлдармен протездеуден басқа):»;

14) тармақша алынып тасталсын;

17) тармақшаның екінші абзацында «4 АЕК» сөзі «8 АЕК-тен кем емес» сөздерімен ауыстырылсын;

19) тармақшаның екінші абзацында «бірден кем емес» деген сөздер «бірге дейін» сөздерімен ауыстырылсын;

28) тармақша мынандай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Желілік станциялар мен жекеше пункттерде кадрларды тұрақтандыру үшін оларды қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету шаралары қарастырылсын;

мынандай мазмұндағы 41(тармақшамен толықтырылсын:

«41) шалғайдағы станциялар мен разъездер тұрғындарының білікті медициналық көмекке қолы жетуін қамтамасыз ету мақсатында белгіленген бюджет және поездардың жүру кестесі шегінде медициналық поездардың жұмысы ұйымдастырылсын.»;


«Қазақстан темір жолы» ұлттық акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасында 2015-2017 жылдарға жасалған Ұжымдық келісім-шарттың 11-тармағы 19) тармақшасының бірінші абзацының күші 2016 жылғы 1 наурызға дейін тоқтатылсын;

1.Осы Қосымша келісімнің 1-тармағы 2) тармақшасының екінші-төртінші абзацтары 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

2.Осы Қосымша келісім екі данада жасалған және «Қазақстан темір жолы» ұлттық акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасында 2015-2017 жылдарға жасалған Ұжымдық келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

**«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы
акционерлік қоғамының
Президенті**

А. Мамин



**«Қазақстандық салалық
теміржолшылар, автомобиль, әуе
және су көлігі қызметкерлерінің
кәсіптік одағы» қоғамдық
бірлестігінің төрағасы**

О. Ахметбаев

